

ОҚУ ОРНЫ БИОТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША 3 ІРІ ЖОБАНЫ ҚОЛҒА АЛДЫ

Президент Қ.Тоқаевтың кезекті Жолдауында «Біз жаңа кезеңге қадам бастық, халқымыз жалпы ұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдауда, Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды» дей келе, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңінде білім сапасын жақсартуға баса мән беріп, мұның өзекті мәселе екенін атап өтті.

Елімізде маңызды мәселе – білім беру жүйесі. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде. Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделіп, еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сәйкес болуы қажет.

М.Әуезов атындағы ОҚУ ірі, көп профилді жоғарғы оқу орны болғандықтан, Оңтүстік өңірдің білім беру, ғылыми, мәдени-гуманитарлық орталығы ретінде қалыптасқан. Қазіргі таңда университетте студенттерді әртүрлі бағытта дайындайтын 12 факультет бар. Солардың бірі – алғаш ашылған, Қазақстанға белгілі «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі. Оның деканы – т.ғ.к., доцент М.Айтұреев.

Жоғары мектептегі биотехнология саласы – ғылыми-техникалық дамудың алдыңғы қатарлы бағыттарының бірі және көптеген өндірістердің перспективті дамуына баиланысты мамандандырауда.

Қазіргі уақытта биологиялық технология өте қарқынды дамып келеді. Биотехнологиялық әдістер микробиологиялық синтез, гендік және жасушалық, ақуызды инженерия, инженерлік энзимология, өсімдіктер мен жануарлардың және бактериялардың жасушаларын культивирлеу, биотехнологияны қолдану аймағы іс-жүзінде шексіз деуге болады.

Әлемнің барлық дамыған елдері биотехнологияны өндірістерді қайта құрудың негізгі әдістері ретінде, жаһанданған заманғы маңызды са-

лалардың бірі ретінде өндіріс қалдықтарын қайта өңдеуді қарастыруда және оның дамуын қалыптастыру үшін шаралар қолдануда.

«Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің «Биотехнология» кафедрасы 2003 жылдың 10 қыркүйегінде құрылған. Оқу-әдістемелік және материалды-техникалық базаларды жасақтауға үлес қосқандар қатарында т.ғ.д., профессор М.С. Сағаев, х.ғ.д., профессор К.С. Надилов, х.ғ.к., доцент Н.А. Приходько, х.ғ.д., доцент А.М. Есимова, б.ғ.к., профессор А.А. Сапарбекова, т.ғ.д., профессор Б.Ш. Кедельбаевтар бар. Кафедра меңгерушісі – а.ш.ғ.к., доцент Гүлжайна Алпамысова.

Кафедраның барлық оқытушылары жоғары білімді мамандар, олар оқытудың жаңа инновациялы-дидактикалық әдістерін игерген. Оқытушыларымыз біліктілігін жоғарлатуды жыл сайын алыс-жақын шетелдің ЖОО іс-тәжірибеден өтеді.

Республикада шаруалардың өзара ұжымдасуы – ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашуда. Жоғарғы мектептің ғалымдары ауыл шаруашылығы бағытында ЕЗЖ қаржыландыратын ірі жобаны оқимасында атап айтқанда, олар - «Түркістан облысының шөлейт аймағындағы тозған ауыл жайылымдарын ұтымды пайдаланудың тиімді технологияларын әзірлеу» жобасының ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., профессор Б. Кедельбаев. Қаржыландыру көлемі - 49 млн теңге. «Жануарлар және өсімдік тектес екіншілік шикізатты өңдеудің кешенді технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы жобаның ғылыми жетекшісі - а.ш.ғ.д., профессор Н.Алибаев. Қаржыландыру көлемі - 250 млн теңге.

«Жасыл нанотехнология

және қоршаған ортаны зондтау саласында серіктестік бағдарламасын құру» жобасының ғылыми жетекшілері – «Биотехнология» кафедрасының х.ғ.к., доценті Б. Муталиева, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті және Нью-Джерси (Рутгерс, АҚШ) мемлекеттік университетінің профессоры Пол Тахистов. Қаржы көлемі - 37 813 АҚШ доллары.

«Биотехнология» кафедрасы өндірістік мекемелермен және ғылыми ұйымдармен де тығыз байланыс орнатқан. Студенттер мен магистранттар, докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысып, АҚШ, Испания, Германияда іс-тәжірибеден өтіп жүр. Сонымен қатар үздіктеріміз шет елдерде оқуын жалғастыруға мүмкіндіктері бар.

Оқу ордасында шетелдік мамандармен іскерлік байланыс нығайған. Мәселен, 2022 жылы Хорватияның Загреб университетінен Агроөнеркәсіптік факультетінің докторы, профессоры Марко Винцекович, АҚШ-тың Нью-Джерси штатының Рутгерс мемлекеттік университетінің «Тамақ технологиясы» кафедрасы, Тамақ технологиясы саласындағы бизнес және ғылыми бағдарламасының директоры, профессор Пол Тахистов, АҚШ-тың Нью-Джерси штатының мемлекеттік университеті халықаралық қатынастар жөніндегі деканының орынбасары Фрэнсис Элеонор Маргарет шақыртылып, арнайы семинарда дәріс оқыды.

Сонымен қатар, өткен жылы Өзбекстан Республикасының Абу Али ибн Сина атындағы Бұхара мемлекеттік медицина университетінен, Чирчик мемлекеттік педагогикалық университетінен, Ташкент фармацевтикалық институтынан, сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаны жүзеге асы-

ру және білім беру үдерісінде тәжірибе алмасу мақсатында 110-нан астам профессорлары келіп, дәріс берді.

«Биотехнология» кафедрасының академиялық ұтқырлық бағдарламасымен магистранттар мен студенттері Лодзь университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шет елдің оқу орындарымен өзара білім алмасуда.

Бакалавриат бағдарламасымен бітірушілерді жұмыспен қамту – білім беру нәтижелерінің көрсеткіші саналады. Бітірушілердің көпшілігі азық-түлік, тағамдық, биотехнологиялық өнімдерді өндіру мекемелерінде, биотехнологиялық өндірістердің зертханаларында, ғылыми-зерттеу ұйымдар мен мекемелерде жұмыс жасайды.

М.Әуезов атындағы ОҚУ «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі «Биотехнология» кафедрасының меңгерушісі Алпамысова Гүлжайна Байқонысқызының іскерлігінің арқасында белсенді жұмыс істеп, Қазақстан бойынша 17 университет арасында «Атамекен» бойынша ЖОО білім беру бағдарламаларының рейтинг талаптарының барлығын орындау бағытында 2021-2022 оқу жылы 3 орын, ал 2022-2023 оқу жылы 1 орынды иеленді.

Биотехнология саласы – бұл еліміздің болашағы, биотехнология саласының дамуы еліміздің экономикасын дамытуға мүмкіндік береді. Жоғарғы мектеп бұл бағытты сапалы мамандар даярлап, еліміздің биотехнология саласын дамытуда өз үлесін қосады деп сенімді түрде айта аламыз.

Анар ЕСИМОВА,
«Биотехнология»
кафедрасының х.ғ.к.,
доценті

